



821.512.122


С 22

# Бейбіт САРЫГАЙ



# Қардогорғай

# Бейбіт САРЫІБАЙ



## ҚАРАТОРҒАЙ



Алматы

«Жалын баспасы»

2013

УДК 821.512.122 -З 2

ББК 84 (5Каз) -4

С 22

*Казақстан Республикасының  
Мәдениет жөнне ақпарат министрлігі  
Ақпарат жөнне мұрагат комитеті  
«Әдебиеттің ғлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару»  
багдарламасы бойынша шыгарылды*

**Сарыбай Бейбіт.**  
**С 22 Қараторғай: Проза/ Бейбіт Сарыбай**  
Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. – 192 бет.

ISBN 978-601-7286-81-1

Өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан жас қаламгер Бейбіт Сарыбайдың шығармалары әдеби ортада жоғары бағаланып келеді. Оның республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген әңгімелері мен шағын хикаяттарын оқырман қауым ыстықтың ықыласпен қабылдады. Жас жазушының бұл кітабына соңғы жылдардың жазған жаңа шығармалары енгізіліп отыр. Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінде топ жарып, бірінші жүлдеге ие болған «Ақтабан», «Қараторғай» сынды шағын хикаяттарын да осы кітаптан оқуға болады.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.



УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Каз) -4

ISBN 978-601-7286-81-1

© Сарыбай Бейбіт., 2013

© «Жалын баспасы» ЖШС, 2013

## **ҚАРАТОРҒАЙ**

*(хикаят)*

*«Келеді қараторғай қанат қағып,  
Астына қанатының маржан тағып...»  
Ақан сері*



Наурыз басталысымен, Алматыға көктем келіп үлгерді. Ертекөктем. Жер жылығасын-ақ болды, қар бауыры жібіп, ери бастайды. Күннің жылынғаны мен қардың ерігеніне бола көктем келді дег бәрікті аспанға атуға болмас. Көктемнің жалғыз белгісі сол болса, онда ауа-райы жиі құбылып тұратын Алматыңда бір емес, бірнеше көктем болмай ма?! Көктемнің негізгі белгісі құстарың оралуы болса керек.

Міне, құстардың басы болып, көктемнің хабаршысы атанған қараторғай да оралды. Биыл жылдағыға қарағанда тым ерте жетті. Күз келісімен жылы жаққа қанат қаққан құстар өзінің туған мекеніне біртінде келіп жатыр.

Темірлан қалтасына салып алған бір жапырақ нанды кішкентай саусақтарымен шымшып үзіп, әр үзімін жеке-жеке лақтырып отыр. Оның лақтырған бір үзім нанын қараторғайлар жерге түсер-түспестен іліп алғып жеп қоя береді.

Темірланғатиесілісі – күніне үш жапырақнан. Үшуақыт ішетін тамақпен бірге беріледі. Қарынды тойдырмаса да, дәтке қуат дей талғажау қылуға жарайды. Бірақ Темірлан көктем келіп, өзінің сүйекті қараторғайлары оралысымен өзіне тиесілі наннан татып алмайды. Өзі жемей қалтасына

салып алды да, далага шыққан уақытта осылай үзіп беріп отырады. Торғайлардың жегеніне қарап отырып тақ бір өзі тамақтанғандай сүйсінеді. Олар тойынса өзі тогайғандай болады. Бір шетінен солардың қылышын тамашалағаннан артық рахат та жоқ бұған. Құстардың еркіндігіне қызығады. Шіркін, соларға біткен қанат менде болса ғой деп армандаиды... Құс болып ұшып кеткісі келеді-ай кейде байғұс бала.

Міне, биыл екінші жыл... Құс болып ұшпақ тұрмақ, адамға үқсан еркін жүрмегеніне, бала болып ойнамағанына. Риясыз күлмегеніне. Осыдан екі жыл бұрын осы тар қапасқа тоғытылған. Бұл жерді сырттағы жүрт жасөспірімдерді еңбекпен тәрбиелеу колониясы дейді... Қарғыс атқыр жерге түсемін, өмірімнің ең бір аяулы кезеңі осында өтеді деп ойлады дейсіз бе бұл жазған бала. Бәрі де ойламаған жерден болды. Балалық еркелік, ақымақшылық деп ақтауға да болатын шығар. Дегенмен заңның аты — заң. Заңның шеңберінен шықтың ба — көретін күнің осы... Құдай-ау, қарғыс атқыр тар қапасқа бастаған соқпақ қайдан басталып еді өзі? Не үшін түсті бұл жолға?

\* \* \*

Темірланның бұл жердегі етіп жатқан, алдагы өтпек өмірінің бар маңызы сол — өткен күнін еске алып, содан рахат табу, іә, болмаса болашақ өмірін қиялдау ғана. Колы қалт етсе болды — қиял құшағына кетеді. Әсіресе, түнгі үйқыға жатқанда керемет. Жарық сөнгеннен кейін де біраз уақыт үнсіз ойға шомып жатады. Қазір де қараторғайларға қарап отырып өткен өміріне оймен көз жүгіртті.

\* \* \*

Темірлан 5 сыныпты бітірген жылды жетім қалды. Күні жетіп дүниеден озса, ардақты әкесінен айырған ажалды қарғап, Құдайына әкпе артар ма еді, кім білсін. Балапандай балаларын шырылдатып тастап, әлдеқандай бір тәтенің артына кете барғаны жанына батады-ау... «Тірі жетім» деген ат жаман екен. “Неге, не үшін, не кінәміз бар еді” деген сұрақтарға жауап таптай дал болды. Әсіресе жалғыз қарындастын аяйды. Байғұс шешесі көштен қалдыромас-ау, бірақ ауыл-елдің көзқарасы жүргегіне шашшудай

қадалады. Біреулер тастанды бала деп мұсіркей қараса, енді біреулері табалайтын да сияқты ма, қалай.

Темірланның әкесі шопан еді. Жаз жайланауда, қыс қыстауда көшіп-қонып жүретін. Мектеп жасына дейін әкесі мен шешесінің жанында болып, біріншіге барған жылдан бастап атасының қолында оқыды. Эйтсе де мезгілдік демалыс сайын қойлы ауылға тартып отыратын. Әсіресе, жазғы демалыс дегеніңіз біздің кейіпкеріміз үшін ең керемет кез. Ұзақ уақыт бойына әкесі мен шешесінің жанында болады. Қайыс илеседі, таспа тіліседі, атқа мінеді, бұзау қарайды. Кейде шешесіне қолқабыс қылады. Қайсыбірін айтайық, ол да бір рахат өмір еді-ау.

Сөйтіп жүрген күндердің бірінде Қаһарман ұжымның малдарын еткізіп беріп, өзіне тиесілі тұяқты түгелдей сата бастады. Қаһарман дегеніңіз Темірланның әкесі. Сатқанын сатып, сатпағанын әкесіне (Темірланның атасына) табыс етті де шаһар асып кете барды.

Бұлар болса баяғы иесіз қалған тамдарын ретке келтіріспі, сонда көшіп келді. Көшіп келді дейтіндей де емес, бірді-екілі ескі жиһаз бен көрпе-жастық қана. Мал атаулыға келгенде тышқақ лақсыз қалды. Шарасыз шеше, қауқарсыз бала осылай қала берген. Сотқа барғанда бөліске салатында түк те болмаған екен. Оған дейін бәрін сатып тынбады ма. Айтпақшы, қүйеуінен қайыр болмағасын шешесі бұны ертіп алыш, атасының үйіне барған. Екеуі ұзақ әңгімелесті. Бірақ атасы бұрынғыдай емес. Салқындау көрініп, қарыса отырды.

— Бөтеніңіз емес. Өзіңіздің үрпағыныз. Немерелеріңіз. Далада қалғандай болдық. Аштан қалсын демесеніз, бірер тұяқ беріңіз. Өзіміз өсіріп, бағайық. Балаңыздың ісі анау болды. Енді сізден қайран болмаса, нениң күйін кешеріміз белгісіз, — деді шешесі кеседегі сұық шайдан бір ұрттап.

— Мен не дейін, келін шырақ. Рас, немерелер менікі. Бірақ, туған әкелерінің істегені анау болса, менен не қайыр? Өзің көріп отырсың, біз де жетісіп тұрған жоқты. Басқа да балаларым бар, — деді атасы сұрланып отырып.

Темірлан дәл сол сәттеген бастап жанында жақсы көретін атасын қатты жек көріп кетті. Бөтен адам сияқты. Сүмдық бір жаттық сезінді. Енді бұл үйде отырудың

түкке керегі жоқ еді. Шешесі екеуі орындарынан тұрып, қоштаспай шығып кетті. Жолда келе жатып:

— Кара шайға талқан шылап жесек те өлмеспіз. **Құдай** өлтірмес, — деп көзінің жасын бір сыйып алып еді-ау, сонда қайран шешесі.

Іә, **Құдай** өлтірмейді екен. Бұларға жаны ашыған мектеп директоры Темірдің анасына еден жуушылық жұмыс берді. Оның сыртында “нашар семьялардың” қатарына кіргізді. Өлеуметтік аз қамсыздандырылғандарға берілетін көмекақыны алатындарды бұлардың ауылында “нашар семья” деп атайды. Міне, солай “Ұлгілі” ауылы-ның “нашар семьясы” болып тіршілікті бастап кеткен.

Сол жылы қоктемде Темір бақшаларындағы теректерге қараторғайларға арнап бірнеше үя жасады. Және оның бір де бірі бос қалған жоқ. Әрқайсысын бір-бір жұп егеленді. Темір қараторғайларды өзінше «қазақ құс» деп атайды. Егер барлық жан-жануарлар мен аң-құстар ұлтқа бөлінетін болса: төрт тұліктен — жылқы, аңнан — қасқыр, құстан — осы қараторғай мен қыран бүркіт қазақ болар еді-ау деп ойлайтын. Сондықтан болар, кішкентай қараторғайларды өзінің қарындастында жақсы көретін. Туган бауырларында болып кеткен осы бір қап-қара торғайлар — бұның жалғыз жұбанышы.

Сабактан келгесін соларға қарайлайды. Өзінің бұзылған үяда өмір сүріп жүргенін бағамдай алмасада, әлдебір ішкі түйсікпен осы бір кішкентай шарасыз балапандардың үясы бұзылмауын тілейді. Әсіресе қараторғайлар балапан басып шығарғанда шегірткелерді көптеп ұстап, үяларының алдындағы кішкентай астауга толтырып қояттын. Солар ашығып қалмас үшін біздің Темір барын салады.

Олардың қылыштары қандай күшті, өздері қандай сүйкімді. Қап-қара жундерінің өзі ше, жып-жылтыр болып тұрады. Қуйтақандай көздерінің мөлдірлігінде шек бар ма. Тағы бір қызығы, өзге құстар құсан секектеп жүрмей, әр қадамын адам құсан нық басады.

Темірдің бұл қылышымен шағын ауылдың тұргындары түгелдей таныс. Бұл қылышы бірінің күлкісін келтірсе, бірінің өзіне деген аяушылығын да оятатынын өзі сезе бермейтін. Содан да болар, оны ауылдастары «қараторғай» деп атап кетті.

\* \* \*

Өткен күндерін есіне алып жатып үйшіктап кеткен. Таң бозынан қонырау үні естілді. Сағатына қарап еді, алтыға он минут қалыпты. Айналасындағы өзі құралпылас балалар жалма-жан киіне бастаған еken. Бұл да солармен бірге демнің арасында киініп үлгерді. Киініп болысымен аса бір елгезектікпен төсегін ықтияттап жинады. Жинап болғасын сыртқа шығып қатарға тұрды. Әлдеқандай себептермен қылмыскер атанған дәл өзіндегі үш жүзге жуық бала топ-топ болып қатарға тұрып болғанда тексеру жүрді. Тәрбиешілер кезектерін ауыстыроды. Өз кезегіне жаңа келген формадағы қатал жігіт жұмысын бұларды жүргіруден бастады. Жарты сағатқа жуық уақыт денешшынықтыру алаңын айналып қан сорпалары шыққанша жүгрірді.

Одан қелгеннен кейін терсінді киімін шешіп тастан жуынды. Таза киімін кіп, асханаға түсті. Асханада кезек көп еken. Таласқанды, тартысқанды жаны сүймейтін Темір кезек азайсын деген оймен шеткерірек барып отырды. Бірер уақыт өткеннен кейін ғана өзіне тиесілі ас мәзіріне қол созған. Тамақ қуып тұрган толықша келген әйелге:

— Апай, мүмкін болса екі тілім нан беріңіші, — деді.

Апайы сөзге келген жоқ: ешкім көріп тұрган жоқ па дегендегі жан-жағына бір қарап алды да, бір тілім нанды артығымен салып берді. Тағдыр аямаған, мүмкін өздерін-өздері аямаған бейшараларды мұндағы кейбір адамдар аятын. Қарыны тойсын деген шығар.

Бірақ Темір екі тілім нанның біреуін де өзі жемеді. Әдеттегідей екеуін де қалтасына салып алды. Шала піскен ботқаны жеп, шайын сіміріп алды да тысық шықты. Сабактың басталуына әлі он минуттай уақыт бар еken. Ол биік дуалдың жанына өскен жалғыз түп биік ағаштың жанына келді. Бірақ неге еkenі, қараторғайлар көріне қоймады. Әлі келіп үлгермеген еken. Ол болса теректің түбіндегі тұғырға қолындағы екі тілім нанды бірнеше бөлікке бөліп қойып, кері айналды. Қазір сәлден кейін келер, өздері тауып жер деген. Сол оймен оқу бөліміне қарай бет алған. Сабак оқитын корпусқа кіре беріп артына бұрылып қарап еді, жаңағы нанды қойып кеткен жаққа қарай бір баланың жасырын кетіп бара жатқанын көзі

шалып қалды. «Ол не үшін бара жатыр» деген ой келді. Артынша құдік үялады. «Құдігім рас болып жүрмесін» деп солай қарай бұл да тұра жүгірді. Барса, расымен-ақ жаңағы бала бұның қойып кеткен нандарын жиып алыш, аузына салып малжаңдалап тұр екен.

— Ей, сенің бұның не? — деді.

Анау болса жауап беру орнына ыржалақтап күле береді.

— Айт деймін саған, бұның не? Мен бұл нанды қараторғайлар жесін деп қойдым ғой, — деді.

— Өкімет нанды құстар жесін деп беріп отырған жоқ. Бұл — біздің нанымыз.

— Сен өз наныңды жеп алғансың. Ал мынау — менің наным. Мен өз нанымды не істесем де өзім білемін. Бұдан кейін қайталанса менен жақсылық көрмейсің.

— Құстарды аяғанша адамды аясаншы. Олар өздеріне қажетті тауып жейді ғой.

— Қазір жәндіктер әлі шыға қойған жоқ.

— Шықпаса не қылады. Олар воляда. Ол аз десең қанаты бар. Үлкен қала емес пе, осы бір жерге қарап қалды дейсің бе олардың күндері.

— Осы үлкен қаланды құсқа қарайтын адам жоқ шығар. Болса бұлар бізге үйректемес еді ғой.

— Коқыстарды ақтармай ма?

— Нениң коқысы? Қазір адамдардан қалдық қалмайды ғой. Қалған қалдықтардың өзі қанғыбастьардан артылmas.

— Жарайды, енді қайталамаймын.

Екеуі бірге келіп сабакқа кірді. Шынтуайтына келсе, бұл жерде сабак деген атығана. Әйтеуір бір пәннен кейін бір пәнге кіріп жатады. Бірақ үйреніп жатқан, оқып жатқан түктөрі жоқ. Мұғалімдер де бұл бейшараларға оқу не керек деп ойлайтын сияқты. Оның үстінен мұнда отырған балалардың оқысақ деп құлшынып түрғаны да шамалы. Бір-біріне «сен тимесен мен тимен бадырақ көз» деп отырады сол. Үстаздарға да бәрібір. Әйтеуір жалақы алу үшін «келді, кетті» деген ат керек. Жүрттың бәрі шулап отырғанда бұл баяғы өз ойларымен әлек болып отырады. Терезе жаққа жайғасып алыш, сыртқа көз тігеді. Арыбері ұшқан құстарға қызыға қарайды. Тағы да сол арман.

«Шіркін, солардағы бостандық мен де болса гой. Оларға біткен қанат маған бітсегой...»

Сабак біткесін түскі тамаққа келді де, тағы да өзіне тиесілі басқа тамақтарын ішіп болып, бір тілім наңды қалтасына салып алып тысқа шықты. Гүстен кейінгі үш сағат уақыт тәрбиеленушілердің сабакқа дайындалуы немесе мәдени шаралар уақыты деп белгіленген. Доп ойна, денешшыныңтыру заңына барып жаттығу жаса, акт заңға барып музыкалық аспаптарда ойна, бәрі де ез еркінде. Темір шағын кітапханаға барып, өзіне қажетті кітапты сұрап алды. Өзінің үйреншікті орнына келіп, сүйікті қараторғайларын нан қоқымдарымен қоректендіріп отыр.

Тағдырдың тауқыметімен ерте есейген Темір көп оқып қана қоймай, аратұра өлең де жазып тұратын. Анау айтқандай керемет өлеңдер болмаса да, бір оқығанға тұрағын. Бұл бір «ел танитын ақын бола қояйын-ау» деп ойламайды да. Өлең жазғандағы жалғыз себебі сол — іштегі шерді шығару. Бұғін де сол ішкі қалтасына жасырын салып жүрген дәптерін қолына алды. Эбден мыжылып ақжемделген бұл дәптердің ішінде не жоқ дейсіз. Қунделік, ойтолғау, өлең деген сынды. Сол дәптерінің кезекті бір бетін ашты да, қолындағы қаламсабымен «Қараторғай-9» деп жазып қойды. Бұл — жазбақ болып отырған өлеңінің тақырыбы. Ал тоғыз деген цифрыңыз тоғызынышы өлең дегенді білдіре керек. Сонда бұған дейін осы тақырыпта сегіз өлең жазған болып түр емес пе? Сөйтіп тоғызынышы өлеңінің толғағы да басталды. Қап-қара торғайлары бейқунәлігімен, еркіндігімен қызықтырып жанында жүр. Бірі ұшып, бірі қонады.

### **«Қараторғай-9»**

*Қараторғай, жаныма кел, жем берем,  
Ешқашанда алыстама сен менен.  
Мен өзіңде мұным шаққан құндерде,  
Жанымдағы аурудан емделем.*

*Қараторғай, тарылды гой кең далам,  
Қалаі ғана үксап тудың сен маған.*

*Ауылымашып барып келейін,  
Қызғанбай-ақ қанатыңды бер маган.*

*Көздерің-ай, қолдарыма қараган,  
Мен өзінді бауырым деп санағам.  
Сен де маган көмек беріш, қанаттыым,  
Біліп қайтиши, аман ба екен жан анам?*

Өлеңнің осы бір тұсина келгенде бұдан екі жас үлкен бір жігіт арт жағынан келіп, бүйрек тұсынан теуіп қалып, селт еткізді. Бұл жалма-жан дәптері мен қаламын қойына салып үлгерді де, оған қарап тұра қалды. Тимур екен. Бұл Тимур дегенің осындағы үш жұз баланы ашса алақанында, жұмса жұдырығында үстайтын нағыз қызылкөздің өзі. Оның жанында бағана таңда торғайлардың нанын үрлап жеп жүрген бала тұр. Әңгіменің не жайында екенин бірден түсінді.

- Сені тойынып жүр дейді гой, ей.
- Тойынып жүрген түгім жоқ.
- Онда бұл жердің нанын жегің келмей кесірленіп жүрген шыгарсың?
- Жуынды берсе де ішіп жүрміз гой.
- Онда неге торғайларды жарылқап жүрсің?
- Олар — мениң достарым.
- Тапқан екенсің досты. Ондай қиялыңды ертең бостандыққа шыққанда жасарсың. Қазірше ертегінді қысқартса тұр. Жегің келмесе наныңды мыналарға бер. Ал бұл айтқаным орындалмайды екен, көретінің мынау, — деп бір теуіп шалқасынан түсірді.

Дәл осы күннен бастап Тимур екеуінің арасында бітіспес майдан басталды. Бұл нанын тыққыштап торғайларға беруін, ал Тимур бұны ұруын қоймады. Күн сайын бір жері көгереді. Қайтар емес. Тағдырдың таяғын жеген адамға Тимурдың тепкісі сөз болып па?

Колония қызметкерлерінің сұрағына берер жауабы біреу-ақ. «Құлап қалдым, ұрып алдым». Не болғанын олар да біледі. Соншалықты қазбаламайды. Өйткені бұл жердің өзінің өкіметтің заңынан бөлек бір емес, бірнеше заңдылығы бар...

Өстіп күндер өтіп жатқан. Неге екенин қайдам қараторғайлар жоламайтын болыпты. Іздейтін де жайы жоқ. Биік-биік жеті сегіз гимарат салынған ат шаптырым

аумақ биік дуалмен қоршалып, оның үстіне тоқ тартылған тікентемір жүргізілген. Үшқан құс болмаса басқа тірі жан кесіп өте алмайды. Оның да себебі анық болды. Бұның бетінің қайтпасын білген жүгермектер өшін торғайлардан алса керек. Бастанқыда таспен атқылап үркіткен көрінеді. Оған кете қоймаган қараторғайлардың бірін үстап алып өлтіріп, терекке салбыратып іліп қойыпты. Оны көрген байғұс торғайлар безінбегенде қайтсін-ай...

Негізінде кез-келген аң-құс адамдардан бекерге безінбейді. Оларды адамдарға жақыннатпайтын табиғи инстинкт. Адамдардың жыртқыштығын сезінгеннен кейінгі өздігінен жасалатын қорғаныш.

Темірлан болса құстардың бойындағы сол қатып қалған қорқыншты сейілтіп, адам дегенінде қайырымды, мейрімді болатынына еттерін үйрете бастаған еді. Ал Тимурлар болса қайтадан бездіріп жіберді. Өзінің төсегіне келіп жатып алып, жылай берді. Баяғыда да дәл осылай болып еді-ау...

\* \* \*

...Сол баяғы өзінің ауылы. Таң бозынан сайраған құстың дауысымен оянатын. Құстары бұны әдемі әнімен оятатын. Ал қанаттылардың сайраған үнімен ояну дегенініз — тімен айтып жеткізе алмайтын рахат сезім. Ояна салысымен солардың қамына кірісетін. «Мен де құспын, қанаты жоқ демесен» деп ән салатын.

Бір күні таңда өзі оянды. «Торғайларым бүтін неге үнсіз қалды» деп тыска шыққан. Бақшасына қарап еді, шошып кетті. Өз көзіне өзі сене алар емес. Тал теректегі үялардың быт-шыты шығыпты. Адам қолымен жасалған айуандық екені даусыз. Бірақ кім жасауы мүмкін, кімнен келді бұл опасыздық? Жауабын таптай дал болды.

Жаздың уақытында мектептің қызыметкерлері түгелімен қызылша күтуге баратын. Шешесі сол жаққа таң бозынан кетіп қалатын. Демек ол көрген жоқ. Есіктің алдында өзімен-өзі ойнап отырған қарындасынан сұрады. Ол болса «көргем жоқ» деді де, біраз түрді. Элден кейін әлденені есіне түсіргендей:

— Бірақ бағана мен көшеде арықтың жағасында сумен ойнап отырғанда, сіздің сыныбыңыздағы Қайнар деген,

бала біздің қоршаудан секіріп түсіп, жоғары жаққа қарай жүгіріп кетті, — деді.

Демек бәрі айдан анық. Бұл Қайнардан келген іс болды. Оның не үшін бұндай қадамға барғаны да белгілі...

Темірлан да, Қайнар да күреске қатысатын. Басқа балаларға қарағанда екеуінің шеберлігі дараланып тұратын. Бірде ол жеңеді, бірде бұл жеңеді. Ал басқа балалар бұл екеуіне шыдай алмайтын. Бір күні жаттықтырушылары келіп, аудандық жарысқа бір адамның қатысатынын айтты. Әрине, берісі мектептің, әрісі ауылдың намысын қорғау оңай емес. Сондықтан мектеп директорынан бастап, барлығы бір шешімге келді. Екі кішкентай балуанды уш рет күрестірмек. Қайсысы екі рет жеңіске жетсе — сол ел намысын арқалап аудан орталығына бармақ. Екеуінің де жарысқа барып топ жарғысы келеді. Осы күнге дейінгі төккен тердің жемісін көріп, нәтижесін шығарғанды кім жек көрсін.

Сонымен межелі күні мектептің спортзалына құллі устаздар қауымы мен оқушылар тұтас жиналды. Сегізінші сыныптың екі батырының арасынан чемпионды анықтамақ. «Ұрыста тұрыс жоқ» дегендегі екеуі әдегеннен арпалыса кетті. Бірінші кездесу ұзакқа созылмады. Қайнарды басынан асыра лақтырган Темірлан бірінші кездесуді жеңіспен аяқтады. Арада сәл үзіліс жасалды.

Екінші кездесу ауырлау болды. Ойламаған жерден жеңісті уысынан шығарып алған Қайнар бұл жолы барын салды. Екеуі де түрлі әдіс-тәсілдерді қолданды. Бірін-бірі ала алмады. Уш мәрте қатарынан итжығыс болды. Екеуінің де қансорпасы шықты. Ендігі жерде көп күш жұмысмай, онтайлы сәтті күтуден, соны қалт жібермеуден басқа қайран жоқ.

Спортзалдың іші у-шу болып тұр. Әр тұстан оқушылардың ысқырғаны мен Темір, Қайнар деген айқайлары естіледі. Екеуінің де өз жанқүйерлері барын салуда. Не жеңіс тұғырына көтеріліп мәртебен асқақтайды, не болмаса жеңілістің ашы дәмін татасың. Темірдің жанарында жас бар еді... Маңдайынан аққан ашы тер екі көзін ашытып барады. Сол жасын сүртпек болып, қолын көзіне апара берген сәтті пайдалана білген Қайнар бұны алып үрді. Жауырыны жер иіскеді. Бір де бір. Күрестің қызығы енді басталмақ.

Арада жарты сағат үзіліс бар. Үміт пен күдікке толы отыз минут. Екеуінің ғана емес, осында жиылған жұз қаралы адамның барлығы үшін тағаттыз сәт. Кім жеңбек, кім жеңілмек? Бәс тігушілер де жоқ емес.

Терлерін басып, салқын суга жуынып алған екеуі боз кілемге қайта шықты. Бір қызығы қанша тартыс дегенмен де, Темірдің бет жүзінде қайсаңыңтан көрі мейірге толы шуақ басымдау екен. Ал, Қайнар болса керісінше қанын ішіне тартып, сұрланып алған. Қайта-қайта үмтыйлады. Жұлқи тартады, қарыса қысады. Темірлан бар болғаны жаңағыдай қателікті қайталап алмауга ғана тырысады. Ұзаққа созылған күрестен екеуі де әбден шаршаған. Соңғы қүшін бойына жинаған Қайнар жамбасқа алып лақтырамын деп бұның бауырына кірген. Бұл бауырына өзі келіп кірген қарсыласын шалқалай лақтырды. Қайнарды құлатқан күйі өзі үстіне бірге құлады. Жеңгеніне көзі жетіп тұруға асықпады. Залдың іші у-шу болды да кетті. Жоғарғы сыныптың оқушылары бұны көтеріп алып, аспанға лақтырды-ай дейсің келіп. Содан кейін жерге қоя берген. Төреші Темір мен Қайнарды ортаға шығарып, Темірдің оң қолын жоғарыға көтерді.

Мектеп директоры ортага шығып сез алды:

— Темірланды жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз. Енді алдағы уақытта мектебіміздің ауылымыздың намысын қорғайтын болады. Одан әрі асып жатса, облысқа барып ауданымыздың атын шығараады. Ал, ол жерде де жеңіп жатса... — деді де біраз үнсіз түрді. Сәл үнсіздіктен кейін жынып: — Облыста жеңіп жатса республикаға шығады. Сонымен әрі қарай жалғаса береді. Азия чемпионы, әлем чемпионы дегендей, — деп сөзін күле аяқтады.

Жоғары сыныпта оқитын бір ауылдасы да ортаға жүгіріп шығып:

— Бұғін еркін күрестен әлем чемпионының туған күні. Біздің Теміріміз аман болса, әлі-ақ әлем чемпионы болады. Ол үшін біз бәріміз қолдауымыз керек, — деп айды аспанға шығарған.

Адамдар қызық қой. Барлығы жеңіс жағында болғысы келеді. Қуанышқа ортақтасқан жақсы. Бірақ қуанышқа ортақ бола білгесін мұнды да бөлісе білу керек

шығар. Барлығы Темірді құттықтап жүріп, Қайнарды ашындырып алса керек.

Қайнарды армансыз деп кім айтты? Ол да биіктеге умтылады. Оныңда биік шыңдарды бағындырығысы келеді. Бірақ сондай үлкен арманы бар адамға алғашқы сынақта сүріну оңай емес. Шынтуайтына келгенде бұл басы ғанағой. Оның бар өмірі алда. Демек әлі талай сындар мен сынақтар, жеңісі мен жеңілісі қатар жүретін күрестер бар емес пе? Бірақ, барлығы Темірдің айналасында жүріп, Қайнарды жұбатуды ұмыт қалдыrsa керек. Қайнар солай ызага булықты. Сол ызадан туған өшпенділікпен келіп істеп отырган тірлігі мынау. Екі ортада жазығы жоқ бейкүнә қараторғайлар зардал шекті.

Темір үяларды орын-орындарына қойып, ретке келтірген болды. Эй, бірақ шошынып қалған торғайлар қайтып орала қояр ма екен? Қайта көбісі балапан шығарып үлгерген еді. Ал енді аз күнде жұмыртқаны жарып шықпақ болып жатқан балапандардың обалы кімге?

Ашуға булықкан күй Қайнардың үйіне қарай тартты. Қайнар үйлерінің жанындағы құдықтан су алып тұр екен. Темір жүгіріп барған күй, екі ауыз сөзге келместен Қайнарды алып үрді. Үстіне отырып алып төмпештеді-ау дейсің келіп. Үрған сайын сөйлеп отыр:

— Мә, мынау — бұзылған үялар үшін, ал мынау — жарылған жұмыртқалар үшін, ал мынау — күллі қараторғайлардың обалы үшін.

Ұрып-ұрып айызы қанған соң барып қана ашыу тарқағандай болды. Ашуы тарқағанда барып қана көзі ашылды. Көзі бұлдыр тұманнын ашылғанда көргені — қанаған мұрын мен көгерген көз, ісіген бет еді. Бет-аузынан түк қоймаған екен. Болары болды, бояуы сінді. Енді кері шегінер жер қалмады. Үйіне келді де, әлдеқайдан әлдеқандай жаза күтіп жатты. Байғұс шешесін аяды. Кеше ғана ұлының жетістігіне марқайып, үш жыл бойы жесірлік өмірінде бірінші рет қуанып еді, оның өзі көпке созылмады. Сөйтіп жатып үйіктап кеткен екен.

Құдай-ау тұс дегенді қойсанышы. Адам деген жамандық күтіп жатып та, жақсы тұс көре береді екен-ау.

...Бұрын көрмеген жер. Өңшең таныс емес адамдар. Адам болғанда да бұлардікіндегі кішкентай ауылдың азғантай адамы емес. Мың қаралы дерсің. Үлкен стадион.

Теледидарда көрсетілетін халықаралық жарыстардағыдай. Шын мәнінде де халықаралық жарыс өтіп жатыр екен дейді. Айналасында әртүрлі ұлттың адамдары. Негрлер де жүр. Тірі негрді алғаш көруі – «шынында да қап-қара болады екен-ау» деп қояды.

Қатар тұрған үш тұғырдың ортасындағы ең биігіне Темірлан шықты. Екі жағындағы аласасының біріне бір орыс, екіншісіне тағы бір бала шықты. Жоғарыда үш ту ілініп тұр. Өзінің күн астындағы қыран бейнеленген көк байрагы қасындағы екі тудан сәл-сәл биік тұр. Ең гажабы – өзінің туған тілінде әнұраны ойналып тұр. Қасындағы екі баланың біріне күміс, екіншісіне қола медальді таққан жылжызді бір кісі бұның мойнына алтын алқаны тақты да, қолына гүл ұстасып:

— Бойынды тік ұста. Сені бүкіл әлем көріп тұр, — деді құлімсіреп.

Бұл қасқайып тұра қалды. Тұрмaghanда ше? Бұл күнді қаншама жыл аңсады. Тұндер бойы үйқы бермеген арманы ғой бұл оның. Осы арманымға қолым жетсе екен деп қаншама тер текті. Таңның атысы, күннің батысы демей барын салып шынықты емес пе?

Неге екені дәл сол сәтте Темірлан «менің осы тұрысымды әкем көріп отыр ма екен-еї» деп ойлады. Неге олай ойлағанын өзі ді білмейді. Мүмкін, ұлының осы жетістігін көріп, тастап кеткенине өкінер, өкінсе қайтіп келер деп армандаған шығар.

Иә, бұл жеңіс тұғырында тұр. Жан-жағында қаптаған операторлар камераларына, фотографтар фотоаппараттарына жарқылдатып түсіріп жатыр. Бұл бойын тік ұстап қасқайып тұр. Куанышын жасыра алмай құлімсіреп қойды.

Дәл осы сәтте. Иә, дәл осы сәтте «атаңа нәлдеттің баласы, атаңның басына жетісп җатырсың ба» деген дауыстан шошып оянды. Ояна кетсе, Қайнардың әкесі екен. Бұны тұргызып алып, қамшымен салып-салып жіберді.

— Атаңа нәлет, қу жетім! Жетілейін деген екенсің, — деп аузына келгенін айтЫП жүр.

Қасында бет-аузының тамтығы жоқ Қайнар. Арғы жағында кеше ғана бұны ауылымыздың атын шыгаратын азамат болады деп қиялға батып, мәртебесін асырған

мектеп директоры мен ауылдық участекелік пунктің инспекторы түр. Іс насыраға шауышты.

Сонымен не керек, төртеуі бірге ауылдық милиционердің кеңесесіне барды. Бұл түсініктеме жазды. Жазған түсініктемесін милиция көкесі жыртып тастап, қайта жазғызды. Өйткені бұның жазған түсініктемесі түсініктен көрі әдеби шығармаға үқсап кетіпті. Басталуының өзі қызық.

«Күстүң үясын бұзуға болмайды. Күстүң үясын бұзған адамның өзінің де үасы бұзылады. Күстүң қарғысы жаман болады» деп бастапты да, екеуінің арасындағы бұл тәбелесті «ауыл балаларының арасында болып тұратын күнделікті тәбелес. Ашу үстінде қаттырақ үрып жіберіптім. Енді қайталанбайды» деп аяктапты. Мектеп директоры құліп жіберді. Ал Қайнардың әкесі болса: — Неге құлесіз? Сіз де жауаптысыз. Әңгіме үлкейіп кетпесін десеңіз дұрыс шешім жасаңыз, — деді.

Деректірдің де, бұның да мысының құрыған жері осы болды. Кешкі дейінгі отырыстың қорытындысында бұзаққылық жасаған Темірлан милицияның есебіне алынып, ресми түрде «қыын балалар» қатарына жазылды. Гәртібі нашар, қауіпті, тәрбиесі төмендерге телінетін «қыын бала» атауы Темірланға да бұйырды. Ал қыын балалар әртүрлі мәдени шаралар мен спорттық жарыстарға қатыстырылмайды. Сонымен аудандық жарысқа дайындалып жүрген Темірлан мәртебелі боз кілемнен шеттегілді де, оның орнына автоматты түрде Қайнар баратын болды. Сөйтіп әkkі әкенің арқасында жолы кесілді. Тағдыр дегенді қойсаңшы, қиуы келмеймін десе келмейді екен-ау. Шіркін, әкем қасымда болғанда бұлай болмас па еді деп ойлады тағы да. Жүрттың бәрі жетім, жесір деп басына берсе не болмақ? Жарысы құрсын, қатыспай-ақ қойсын. Бірақ, онсыз да «нашар семья» аталып жүргенде, оған қоса «қыын бала» болғаны қинайды да. Жанына батқаны да осы.

Кешкі ас та көңілсіз болды. Қарындасты, шешесіншеуі үнсіз отырып ас ішкен болды. Бұл да айтарға сез таппады. Шешесі де бұны соншалық кінәлай қоймады. Нениң не екенін түсініп отырған шығар. Тек дастарқанды жинап жүріп:

— «Қырсық бір айналдыроса — шыр айналдырады» деген осы. Аман болшы, — деді де қойды.

\* \* \*

Жасөспірімдер колониясындағы тәрбиеленушілер өзара тәрттен, бестен бірігіп алғып дос болады. Сол достық құрғандары бір-біріне көмектеседі, болысады. Тіпті керек жерінде бірін-бірі қорғайды.

Темірдің жалғыз досы болған. Аты — Тойболды. Бірақ мұндағылар оның атын қысқартып Тойтан дейтін. Және бір қызығы мұндағы балалардың әрқайсысының лақап аты бар. Ал жаңағы Тойтанаңызыздың лақап аты профессор еді. Оның профессор атанған себебі — бірнешіден, қолы босай қалса осы жердегі шағын кітапханаға тартып отыратын. Екіншіден, өзіне жарасып туратын әдемі көзілдірігі бар еді. Көзілдірігін шешпейтін. Және соншама уақыт жүргенде, бір де бір рет сол көзілдірігін сындырып алған кезі жоқ. Тойболды мен Темірді жақындастырған да — дос қылған да осы шағын кітапхана еді. Оқыған кітаптарынан алған әсерлерін бөлісіп, сол жайында әңгіме қылышатын.

Сол профессор досын мұндағылар кезекті бір жиын кезінде үлгілі тәртібі мен оқу үлгерімі нәтижесінде уақытынан бұрын босатуға шешім қабылдады. Бұл жердің тағы бір заңдылығы қанша жылға бесітілсөн де, мерзіміңдің уш жылын өтегеннен кейін, жүрістүрысыңды талқыға салатын. Ешқандай тәртіп бұзбай, өзінді жақсы жағынан көрсете білсең, бұрынғы істеген ісіңе шынайы өкінсөң, енді қайталамауға бел бусанд — басыңда бостандық береді. Біреулер шынайы тәртібімен босап жатса, енді біреулері тиын-тебениң ықпалымен босап шығып жататын. Профессор шығып бара жатып:

— Темір, мен сені білемін гой, осы бетінен қайтпа. Сонда мен құсал үақытыңдан ерте босайсың. Сенде будан басқа жол жоқ. Ақша төлеп құтқарып алатындей тіреп тұрган ешкімің де жоқ. Ана Тимурлар не деп ұрынса да үндең құтыл. Олармен ілігетін болсаң үақытынан бұрын құтылмаң тұрмад, жылыңда жыл қосып алуың мүмкін. Өзің көрдің гой, бұл жер адам жолайтын жер емес, — деп ақылын айтып кеткен.

Сол гой, бұның жүмған аузын ашпай, өзімен-өзі

жүргені. Бесінші сыйыпта жетім қалып, сегізінші сыйыпта сотталған бұның екі жарым жылы осында өтті. Енді жарты жылда тағдыры шешілмек. Не босап шықпақ, не 18 жасқа толғаннан кейін әріқарай кәдімгі ересектерге арналған түрмеде жалғастыромақ. Ауылда жүрсө гой, биыл мектеп бітіріп, азамат болар еді. Мүмкін... Иә, мүмкін жарыстардан жарыстарға қатысып, ел намысын қорғап, әрбір жетістігімен анасын қуантып, жетімдік көрген қарындасын жұбатып жүрер ме еді. Бұның барлық жедісі сол баяғы көрген түсімен шектелді емес пе. Өкініш деген өзекті өртейді. Ол аздай байғұс анасы мен жалғыз қарындасын өлердей сағынады. Оларды көрмегелі де, міне, екі жарым жыл. Аз уақыт емес. Өзге балалардың әке-шешелері құсал іздең келетіндей жағдайы да жоқ анасының. Қарындасынан ара-тұра амандықтарын білдірген хат келіп тұрады. Бұрын жесір атанған шешесі бейшара енді бұзақы ұлдың анасы атанып жүр-ау... Тағы да әкесін ойлады. Бәріне кінәлі сол сияқты көрініп кетеді кейде. Егер ол тастап кетпегендеге, бұның бірі де болмайтындағы сияқтанады. Осы жерге қамалуына себепші болған істі де сол әкеге деген өкпенің, реніштің буымен жасамал па еді...

\* \* \*

Әкесінің кеткеніне үш жылдан асқан. Осы аралықта қынышылық пен қысастыққа еттері әбден үйренген. Бірақ біріне тартса біріне жетпейтін жоқшылық әбден титықтатып тастаған. Бар мен берекеден бір-ақ күнде жүрдай болу оңай тиген жоқ. Дегенмен елдің алды болмаса да, көшке ілесіп-ақ келеді.

Баяғы Қайнар екеуінің арасындағы төбелестен кейін «қын бала» атанып, мәдени шаралардан да, басқадан да шеттетілген. Бұнымен дос болудан балалардың өздері бас тартпағанымен, ата-аналары қарсы еді. Айтпақшы, тағы бір айта кетерлік жайт — бұл шеттетілгеннен кейін Қайнар аудандық жарысқа қатысып, үшінші орынды қанагат тұтып келген. Сол кезде ауылдастары: «шіркін, Темір барғанда женіп қайтар ма еді» деп те жорамалдар жасаған. Бірақ, бұл аудандық жарысқа қатыспағанымен, мектепішілік біріншілікте жүлдені қолдан берген кезі жоқ. Бірақ, оны елең ескеріп жатқан ешкім жоқ. «Нашар

семьядан» шықкан «қын бала» болып ілініп-салынып жүр.

Басқа жүртты қойшы, мұғалімдердің өздері сүйдеп алалағаннан кейін-ақ болды емес де? Тіпті, қарындасының өзін сынып жетекшісі дұрыс қабылдамайды екен. Өзге шәкірттерінің аттарын еркелетіп, өзгерітіп Назкен, Еркеш деп аттайтын апайлары бұның қарындасына келгенде, тым құрыса Қарлығаш деген әп-әдемі атын да атай салмай, тек фамилиясын ғана атап шақырады екен.

Бір күні қарындасы жылап келді. Жылап келген күйі ешкімге тіс жармастан төсегіне жатып алды. Өзінің жауап бермесін білген соң, Темір салып ұрып Қарлығаш қарындасымен бір сыныпта оқитын Ержан деген баланың үйіне барды. Сыртқа шақырып алыш, мән-жайды сұрады.

— Қарлығаш бүгін ғана емес, ылғи жылайды. Бірақ онысын сіздерге білдірмейді. Өйткені біздің апай оны ылғи жақтырмай сейлейді. Қойшы осыларды, «нашар семьялар» ғой дейді. Бүгін жылаған себебі — біз өртөн тауға қыдыруға шықпақпыз. Керек жақтарды бәрімізге беліп берді де, Қарғашты беліп таstadtы. Неге өйтесіз деп едік, «оған не бар жандарын баға алмай жүріп» деп айтты... — деді Ержан көзіне жас алыш, өзі де жылап жіберуге шақ қалып.

— Ілғи сөйте ме?

— Иә. Бірақ Қарғашқа мен айтты деменіз. Өйткені ол осының бәрін сіздерге білдіргісі келмейді. Сыныптағылардың бәріне ешкімге айтпандашы, бұны мамам естісе жүргегі ауырып қалады деп жалынады.

— Бұның алдында не үшін жылады?

— Анау күні біз сыныбымызben бәріміз суретке түскенбіз. Сол кеэде де апай Қарғашты түсірмей қойған. Бұның алатын ақшасы жоқ деп. Сыныптасымыз ғой, біз апайға «түсे берсін, біз жинап береміз» десек те көнбей қойды. Сендер біреу үшін қашанғы ақша жинап жүрмексіңдер. Артық ақша шығарғандарың үшін атапналар мені кіналайды деп.

Ержанға рахмет айтыш, бұл жайында ешкімге тіс жармауға уәде етіп кері айналды. Үйіне келе жатып көзінен жасы сорғалап еді сонда. Шарасыздығына налыған. Бұның жылап келе жатқанын көрген Қанат

ағасы тоқтатып алғып, сыр суыртпақтады. Қанат деген осы ауылдың пері мінез жігіті еді. Оны жүрттың бәрі «Қара Қанат» атап кеткен. Жасы отыздардан асқан жігіт ағасы. Бұрын осы ауылдың атақты жылқышысына көмекшілік қызметте болған. Кейінгі жылдарда мүлде жұмыс істемейді. Бірақ ақшаны қайдан алғатынын кім білсін, қарыны тоқ, көйлегі көк. Астына мінген аты да көздің жауын алғып ойнап тұрады. Және ат-әбзелдері де керемет. Жүгеніне, айыл-тартпасы мен өмілдірігіне дейін тұтасымен күміспен көмкерілген. Қанат бұны атына міңгестіріп алды да, өзінің үйіне алғып келді. Үйіне келгесін ақша берді. Кетерінде:

— Корқпа, қарызға емес. Керек болса ара-арасында келіп тұр. Бар болса беремін фой, — деді.

Ертесі күні таңғысын ерте тұрды. Күн жексенбі еді. Шешелері демалысты пайдаланып, алыстағы бір туыстарына жүріп кеткен. Жетідегі автобуспен кеткен шешелерінің артынан араға екі сағат салып барып тоғызыдағы автобусқа бұлар да мінді. Бұлар деген — Қарлығаш екеуі және кешегі Ержан үшеуі. Аудан орталығына бет алғып барады. Ержанды әдейі ертіп алған.

Үшеуі аудан орталығына барып, базарды аралады. Өздеріне керек-жараптарын алды. Керек жарақ болғанда да, сол өңшең ұсақ-түйектер. Тұрлі түсті қарындаштар мен айна, тарақ деген сияқты. Содан кейін лимонад ішіп, балмұздақ жеді. Ең негізгі шаруалары суретке тұсу еді, оған да армансыз түсті. Бірінші үшеуі бірге түсті. Содан кейін Темір Қарлығаш екеуі түсті. Одан кейін екі сыныптас қол ұстасып түсті. Қарлығаштың жалғыз өзін бірнеше қырынан түсірді. Отырып та, тұрып та, ойланып та, күліп те түсті. «Кедейдің бір тойғаны — шала байығаны» дегендей, бақыттан бастары айналып ауылдарына қайтқан.

\* \* \*

Міне, мына сурет сол кездегі түскен суреттері еді. Арада қанша уақыт өтсе де, Темірдің қалтасынан түскен емес. Әр киім ауыстырған сайын сол жаңа киген киімінің қалтасына салып алды. Шет-шеті мыжылып, кейбір тусы жыртыла бастаған. Ең бастысы — сурет анық. Қарындасты қандай сұлу. Көздері тұп-тұнық. Сол кездері

қаншалықты қиналып жүрсе де, бір сәттік қуанышқа бола жанарының жарқ ете қалғанын қарашы. Тақ бір әр күні бақытты өтіп жатқан адамның кейпінде түсіпті. Қарғаш қарындасым да осы суретке қарап, сағынып жүр ме екен дегеп ойлады.

\* \* \*

Әрнәрсені ойлап жатып үйіктап кетіпті. Фажап түс көрді. Түс емес құдды бір өң сияқты. Кәдімгі тіршілік, өмір дерсің. Көп ойлагандікі, аңсағандікі шығар. Түсінде...

\* \* \*

...Әлдеқандай алыс аймақтағы нұлы ормандардың бірі екен дейді. Былтырғы құзде өзінің туган жерінен осы жерге бірнеше күнде үшіп жеткен. Содан бері осы жерде күнелткен. Енді міне, туган өлкесіне сапар шекпек. Бұл қуаныштан жарылардай болып жүр. Бір орында тыныш тұра алмайды. Бірсесе үшады, бірсесе қонады. Үшу керек болған соң үшіп, қону керек болғасын қонып жүрсе бір сәрі-ау. Ешқандай мақсатсызың-ақ қанатын сермей береді. Жаны тыным табар емес.

Былтырғы жылы бұл маңға үшіп келгенде сәл-сәл қиналғандай да болған. Жарық дүниеге келгеніне бес айға жаңа толған, қанаты соншалықты қатып үлгермеген бұл үшін осыншама үзақ жол қыынға түскені рас. Енді түк те қиналмайтын сияқты. Тіпті сол күнді асыға күтіп жүр. Оның бірінші себебі — былтырғыға қарағанда қанаты қатайған, бойына күш біткен, өзі толықсан. Ал екінші, ең негізгі себебі өзінің туган жеріне бағыт аладығой. Бойындағы туган жерге деген сағынышы тыным берер емес. Дәл өзі сынды құртақандай бауырларымен бірге жан таппай жүр. Олардың да қуанышында шек жоқ. Алыс сапарға әр топ өзінше дайындық үстінде. Бұлар (қараторғайлар) жиырма-отыздан топ-топ болып бірігіп алған. Ұялас туыстары, біртуғандары фой топ-топ жүретіндері.

Дәл өзінен аумаған мың сан қара торғай наурыз айының алғашқы қундерінің бірінде таң бозынан биікке көтерілді. Аспанды қара бұлт басқандай көрінді. Құстардың бұл жолғы үшуларының мәнісі бөлек. Туган жерге деген сапардың алғашқы күні еді бұл. Бет

алған бағыттары Орта Азия. Аспандагы құскеруенің тәжірибелі ататоргайлар бастап келеді. Бұл сол жүзқаралы туыстарының белортасында келеді. Қанатын жылдам-жылдам сабалай қағады. Алға озып кетпесе де соңында қалып келе жатқан жоқ. Құстүйсігі мен кішкентайғана жүрегі адасып қалмау көрек екенін сезіп келеді. Ол үшін бар болғаны көштен шығып қалмасаң болды. Қалып кетуге де, озып кетуге де болмайды. Және өзім білемге салып, беталған жағында босып кетуге де хақың жоқ. Жұзқаралы бауырларыңды бастап келе жатқан көшбасашың аялдағанда қонып, үшқанда үшуга тиіссің.

Алғашқы күні-ақ біршама жерді бағындырып үлгерген. Эр жерге аз кем аялдай үшып жүріп, кеш бата үлкендеу орманды пана тұтқан. Бір-біріне жақын маңдағы теректерге қонды. Сол теректердегі былтырғы жылдан қалып кеткен жеміс дәндөрі мен жердегі жәндіктерді талғажау етті. Қаранғы қоюланған бір-бір бұтақты иемденіп алып, онсыз да қысқа мойындарын денелеріне тарта түсіп, бүрісіп-бүрісіп отыра қалған.

Таң бозынан, жерге жарық түсे бастасымен-ақ, керуен басы болып келе жатқан ататоргайлар мен анаторгайлар сайрай бастады. Небір әсем дауыстар шығарып сайды-ай дейісің. Сол әнгелі бәрі қосылды. Бұл да мойнын созып-созып қойып шамасы жеткен жеріне дейін дауысын соза әндете сайды. Бұл ұшар алдындағы дайындық еді. Тұтас жиылыш болдық-ау дегенде бәрі дүр етіп көтерілді. Тұған мекенді бетке алған сапар жалғасты. Бұл қуанып келеді.

Кейде ұшу барысы тым ұзаққа созылып кетеді. Соңдай кездерде қанатының емес, мойнының талатыны бар. Бүтін де бірталай жерге дейін қонбай ұшты. Жылдамдықтары да сүмдыш болды. Жолай қанаты үлкен әлдеқандай құстарды басып озды.

Не керек бір ұшып, бір қонып жүріп өздерінің сүйікті мекендеріне де жетті-ау. Бірнеше күндік сапар барысында көштен бөлінбей ұшып келе жатқан бұл енді өзім білем дегендегі жылдамдатса қанат қағып, басқаларды басып оза жөнелді. Шешесі байғұс адасып кетпесін дегендегі бұған ілесе үшады. Шешелері асыққан сайын басқалары да жеделдете түседі. Сөйтіп бұлар тұс мезгілінде өздерінің тұған мекеніне, Темірланның ауылына келіп жетті. Бұл

болса сол өзі жұмыртқаны жарып шыққан үя салынған агаңқа қонғанда барып жаны тұнғандай болды. Соңғы сағаттардағы дамылсыз үшудан қара терге әбден малшынған екен... Тері моншақта жерге тырс-тырс етіп тамып тұр.

\* \* \*

«Өй, мынауың қан сорпасы шығып тұрып үйіктап жатыр ғой ей» деген дауыстан оянып кетті. Қатарлас төсекте жататын Петя деген бала екен. Бұл болса көрген түсінің әсерінен айыға алмай жатып, көзін ашпастан:

— Сонша жерден үшіп келу оңай деймісің, — деді.

\* \* \*

Қарындасты Қарлығашты, ауылдасты Ержанды ертіп аудан орталығына барып қайтқан сапарынан келгеннен кейін шешесі бұларды сұрақтың астына алған. Ең басты сауал орталыққа барған, суретке түскен, қалам-қарындаштарды сатып алған ақшаны қайдан алдың деген сұрақ болды.

Темір жасырған жоқ. Нениң не болғанын бастан аяқ еш қоспасыз баяндап берді. Темірдің анасы бұған түсіністікпен қарады. Бұрынырақта әкесімен інідос болып еді, балаларына жаны ашып берген ғой деп ойлады. Бірақ ақылын айтып отырып бұдан кейін қайталамауларын, ешкімнен ақша алмауларын өтінді. Өйткені бұл дүниеде тегін ештеңде де болмақ емес. Бәрінің қайтарымы болуы керек.

\* \* \*

Шындығында солай екен. Сол күнгі оқиғадан кейін Қанат бұны өзіне жақын тартып жүрген. Кейде қора тазаласып жібер десе, кейде басқа өтініштер айтатын. Бірақ, әр өтініші орындалған сайын Темірдің қолын бос қайтармайтын. Бірде диірменге бидай апарысып, үн тартысып келген күні бір қап үн, екі дорбадай талқан берген.

Ақша болса алмай қоюға болады. Бірақ, Қанат ағасының өз үйинен алып шыққан бидайын тартысқан еңбегіне бір қап үн алса, оның қандай арамдығы бар деп ойлаған. Сөйтіп атақты қара Қанаттың інісі болды